

Жалағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 4-10 шешімі

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және “Құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешім қосымшасына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш аудандық
мәслихатының
4-сессиясының төрағасы
К. СУЛЕЙМЕНОВ*

*Жалағаш аудандық
мәслихатының
хатшысы
М. ЕСПАНОВ*

Жалағаш аудандық мәслихатының
2016 жылғы “29” маусымдағы
№ 4-10 шешіміне қосымша

Жалағаш аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. “Жалағаш аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 29-3 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4620 болып тіркелген, 2014 жылғы 27 наурызда “Жалағаш жаршысы” газетінде жарияланған);

2. “Жалағаш аудандық мәслихат аппараты” мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34-4 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4727 болып тіркелген, 2014 жылғы 26 шілдеде “Жалағаш жаршысы” газетінде жарияланған);

3. “Жалағаш аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 29-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 06 мамырдағы № 44-7 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5002 болып тіркелген, 2015 жылғы 03 маусымда “Жалағаш жаршысы” газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК